

05-02-2026 жылы мектебімізде жасанды интеллекттің (ЖИ) білім беру үдерісіне жүйелі түрде енгізіліп жатқанын көрсеттік. ЖИ бойынша құрылған топтың спикері Рахимжанова Аружан әріптестермен өз тәжірибесімен бөлісіп, тест тексеруде қолданылатын ЖИ әдістерін нақты мысалдар арқылы түсіндірді.

Семинар барысында ЖИ құралдарының:

тест нәтижелерін жылдам тексеруге,

оқушылардың біліміндегі олқылықтарды дәл анықтауға,

мұғалімнің уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретіні айтылды.

Маңыздысы – оқыту үдерісі жалғасуда, ал әріптестер бір-бірінен үйреніп, жаңа білімді бірге меңгеріп келеді. Кездесу қазақ тілінде өтіп, мазмұнды пікір алмасуға толы болды.

💡 Жасанды интеллект – болашақтың құралы ғана емес, бүгінгі мектептің сенімді серігі.

Біліммен бөлісетін, дамуға ұмтылатын ұжым – әрқашан алда.

